

Евгения Юрченко «КАЗЦИНК-ТОРПЕДО аруы» атанды

Өскемен хоккей клубы «Казцинк-Торпедо аруы» байқауын өткізді. Евгения Юрченко осы байқаудың жеңімпазы атанды.

Әлімжан Қадылбекулы

Жоғарғы хоккей лигасы чемпионатының аясында Өскеменнің «Казцинк-Торпедосы» өз айдынында Альметьевск қаласының «Нефтяник» командасын қабылдады. Бұл кездесудің кезеңдік үзілісі аралығында Евгения Юрченконы жанкүйерлер қауымына, ал матчтан кейінгі баспасөз мәслихатында журналистерге таныстырды.

Зырян қаласында туып-өскен Евгения орта мектепті ойдағыдай бітіріп шықты. 2005 жылдан бастап Өскемен қаласында тұрады. Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінде бухгалтер-аудитор және С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде экономист мамандықтары бойынша білім алып, қоғамдық жұмыстарда да белсенділігімен көзге түсті.

Евгения студенттік шағында йогамен, шейпингпен, бимен, гитарада ойнаумен айналысып, сән агенттігіндегі жиындарға қатысып жүрді. Қазіргі уақытта ол жастарға тән

жалындаған жігермен үнемі ізденіс үстінде, бастаған ісін тиянақтылықпен атқарып, басшылық қызметте өзін-өзі көрсете білді. Евгения бұл күндері жүк тасымалдауды жүзеге асыратын фирманы басқарады. Негізгі уақытын өз қызметіне арнаса, демалыс күндерін бұрынғыдай дискотекалар мен клубтарда өткізуге арнаған.

Евгения олимпиада ізбасарларын даярлайтын балалар мен жасөспірімдер шайбалы хоккей мектебінің 1984 жылы туған жасөспірімдер командасының құрамында ойнаған үлкен ағасымен бірге Спорт сарайына жиі келетін. Оның хоккейге деген қызығушылығы да осы кезден басталды. Содан бері



«Казцинк-Торпедо» командасының Спорт сарайындағы ойындарын көріп, үнемі жанкүйер болып жүр.

Евгения хоккей клубы байқау жариялағанын біліп, оған қатысуды ұйғарып, өзінің фотосуреттерін жіберген болатын. Енді міне, байқау қорытындысында мерейі үстем болып, жеңімпаз атанып отыр. Бұрын сұлулық не фотоүлгі байқауларына қатысып көрмеген қыздың өзі туралы осындай жақсы хабар жарияланып, ең сұлу қыз атанғанында шексіз қуанышқа бөленді. Ал байқауға 18 бен 40 жас аралығында 30-ға жуық үміткер қатысқан екен.

– Хоккейді ержүрек, баатыл жігіттер ғана ойнайды. Олардың мұз айдынындағы қырандай самғауы, тек жеңіс үшін бәрі бірдей жанталаса қимылдап әрекеттенуі маған ұнайды. Сондықтан да күні бүгінге дейін хоккей жанкүйерлерінің бірімін, – деп журналистер қойған сұраққа жауап берді Евгения.

Евгения Юрченко енді жеңімпаз ретінде «Жоғарғы хоккей лигасының аруы» байқауына қатыса-ды. Бұл лигада 22 хоккей клубы бар. Осыған байланысты байқауға да әр

клубтың жеңімпазы болған 22 ару қатыспақшы. Солардың арасынан іріктеу сынағынан өткен он үш ақтық байқауға жолдама алады. «Жоғарғы хоккей лигасының аруы» атанған қыздың суреті жоғарғы хоккей лигасының сый-кәделік күнтізбесінің мұқабасына басылып шығады.

Ал енді жоғарыда аталған екі команданың кездесуіне қысқаша тоқталып өтелік. Ойынның бірінші кезеңінде торпедолықтар Эрик Вейссманн мен Габриэль Шпилар қарсыластарының қақпасына бір шайбадан енгізсе, қонақтардан Денис Голубев мергендігімен көзге түсті.

Содан кейінгі екі кезеңде «Нефтяниктің» шабуылшылары Шаңғараев ойынның 26-минутында есепті теңестірсе, Серебряков 30-шы минутта командасын алға шығарды. Ойын аяқталуға жарты минуттай уақыт қалғанда Сумин тағы бір шайбаны біздің қақпаға түсірді. Бұл кездесуде қонақтар 4:2 есебімен жеңіске жетті.